



# Алтын Орда

izden.kz

12/2 08

# Ұлыстардың құрылуы.

Ұлыс – ел деген мағынаны білдіреді. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін өзінің 4 баласына бөліп берді. Қазақстан жері оның 3 баласының қол астына қарады. Бөліп берілген жерлер ұлыс деп аталды.

# Ұлыстардың құрылуы

Жошы

Шағатай

Үгедей

Төле

## Жерлері

Шығыс Дешті  
қыпшақ жері,

Арал, Сырдарияның  
төменгі ағысы

Оңтүстік және  
Оңтүстік

Шығыс Қазақстан  
Жетісу аймағы

Батыс Монғолия  
мен Алтай,  
Тарбағатай,  
Ертістің жоғарғы  
ағысы

Монғолия  
жері



# Алтын орданың қоғамдық құрылымы.

- ? • Ордада ұлыстық жүйе қалыптасып, Батый хан тұсында мемлекет екіге бөлінді:
  - ▶ Оң қанат - Батый хан билігі.
  - ▶ Сол қанат - Орда Ежен хан билігі (Жошының үлкен баласы).
- ? Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанат құрамына енді. Басқару құрылымы:
  - Сұлтандар - ханнан кейінгі әлеуметтік басқарудың ең жоғарғы тобы.
  - Құрылтай - ақсүйектердің жалпы империялық жиналысы.Құрылтайда хан жариялау және таққа отырғызу рәсімдері жасалды.
  - Диуан - ең жоғарғы атқарушы орган. Қаржы, салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін атқарды.
  - Беклербек - әскери істерді басқарушы.
  - Уәзір - азаматтық істі басқарушы
  - Мәлік - азаматтық басқару билігін жүргізушілер (түрік әулетінен).
  - Даруғалар - салық жинады, халық санағын өткізіп, әскер жинады, байланыс қатынасын ұйымдастырды.
  - Басқақтар - басқару қызметін атқарды, әскери бақылау жүргізді, салық жинады.
  - Білікшілер, хатшылар - іс қағаздарын жазушылар
  - Нояндар, бектер, әмірлер, баһадүрлер - әскербасылар.Алтын Орда хандары ислам дінін қабылдағаннан кейін іс жүргізу жұмыстарын түрік (ұйғыр) жазуымен жүргізді.  
XIV ғ. - Алтын Орда мұсылмандық мемлекетке айнала бастады.

# Феодалдық жер иелену түрлері.

- ? Инжу – Шыңғыс әулетінен шыққан билеушілерге берілетін үлестік жер.
- ? Сойырғал - әскер немесе азаматтық қызмет атқарғаны үшін шартты түрде сыйға берілген үлестік жер.
- ? Вакф – Мұсылман дінбасыларының жері
- ? Мильк – Жер иеленудің жеке меншік түрі.
- ? Тархандық құқық – улестік жер иелерінің мемлекет пайдасына жиналатын салықтан босатылып, өз пайдасына салық жинауы.
- ? Тағар - әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жиналатын егін және мал салығы.
- ? Ұшыр – мал салығы
- ? Харадж – егіншілерден жиналатын салық
- ? Зекет – дін басыларына берілетін мал салығы, қолөнершілер мен
- ? Саудагерлерге де салынады
- ? Аваиз – төтенше салық
- ? Әскери міндеткерлік – 10 түтіннен 1 жауынгер алынады.

# Алтын орданың гүлденуі мен ыдырауы.

- ? XIII-XIV ғ.-да Алтын Орда күшті мемлекет болды.
- ? Батый хан тұсында (1227-1255) Алтын орда Моңғол империясына тәуелді болды.
- ? Берке хан (1257- 1267) тұсында тәуелсіздігін жариялады.
- ? Мөңке хан (1267-1280) өз атынан теңге шығарды.
- ? 1260ж. – Моңғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырады.
- ? XIV ғ.- ң бірінші жартысында Өзбек (1312-1342) және Жәнібек (1342-1357) хандар тұсында мемлекет күшейді. Батыс Еуропамен, Кіші Азия, Египет, Үндістан, Қытаймен сауда қатынасы дамыды.
- ? 1312 - Өзбек хан исламды мемлекеттік дін етіп жариялады.
- ? 50 ж.-дың ортасында Жәнібек ханды үлкен баласы Бердібек өлтіргеннен кейін “ұлы дүрбелең” басталды.
- ? 1357-1380 жж 25 хан ауысты
- ? 1380ж Куликова шайқасында түменбасы Мамай әскері Дмитрий Донской әскерінен жеңілді.
- ? Тоқтамыс(1380-1395) осыны пайдаланып хан болды.
- ? 1382 ж. Мәскеуді өртеді.
- ? 1389,1391,1395ж. Әмір Темір шабуылдап Алтын Орда әлсіреді.

# Алтын Орданың күйреуінің себептері:

- ? - Билік үшін өзара қырқыстар
- ? - Әмір Темірдің жаугершілік соғыстары
- ? - Халық көтерілістері
- ? - Ұлыстардың дербестікке ұмтылуы